




Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ

***Тексеру хаттамалары мен
тестілер қорытындысы
папкасы***

Педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

2023-2024 оқу жылы

«Шағала» балабақшасы КММ

Хаттама

Топ: Ересек «Гүлдер» тобы

Максаты: Балалардың танымдық қабілеттерін анықтау

Мерзімі: 2023-2024 оқу жылы. Ақпан II жартыжылдық.

№	Баланың аты- жөні	Ойлау қабілетін анықтау	Зейін қабілетін анықтау	Есте сақтау қабілетін анықтау
1.	Хабдулла Арсен	5-0	43%-0	5-0
2.	Дюсенов Айсұлтан	5-0	62%-м	6-0
3.	Қани Медина	4-0	40%-0	7-м
4.	Кокенова Ясмина	6-м	79%-м	7-м
5.	Салтанатов Жантілек			
6.	Нуридоллаева Диляра	2-м	52%-0	6-0
7.	Жұмабекова Асылай	5-0	45%-0	6-0
8.	Баянбек Ахмад			
9.	Қабылда Айсұлу	6-м	43%-0	7-м
10.	Максутов Айсұлтан	0-м	0%-м	0-м
11.				
12.				

Педагог- психолог: Каирбаева А.К.

Анықтама

Әдісі: Танымдық қабілеттер әдістемесі.

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін анықтау.

Объект: Ерсек «Гүлдер» тобы.

Мерзімі: 2023-2024 о.ж. Ақпан. II жартыжылдық

Жауапты: педагог- психолог Каирбаева А.К.

Бақылау кезінде істелінген жұмыстар:

1. «Бұл суретте не артық?» ойлау әдістемесі. Балаларға 4 заттан тұратын сурет беріледі. Осы 4 заттың үшеуі бір- бірімен мағынасына қарай байланысты, ал біреуі артық. Бала мұқият қарап қай зат артық екенін тауып көрсету. Әдістеме балалармен жеке – жеке өткізілді.
2. «Белгілерді қой» зейін әдістемесі. 5 түрлі сурет берілген. Сол суреттердің ішіне белгілерін қойып шығу керек.
3. «Суреттерді есте сақта» есте сақтау әдістемесі. Психолог 8 суреттерді балаларға көрсетіп атауларын атайды. Балалар есінде қалғандарын қайталап айтып береді.

Қатысқаны:

Барлығы 8 бала қатысты.

Қорытынды:

«Бұл суретте не артық?» ойлау әдістемесі		
Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
2	4	2
Қабылда Айсұлу Кокенва Ясмина	Хабдулла Арсен Дюсенов Айсұлтан Қани Медина Жұмабекова Асылай	Нуридоллаева Диляра Максутов Айсұлтан

«Белгілерді қой» зейін әдістемесі.		
Жоғары деңгей	Орта деңгей	Төмен деңгей
2	5	1
Дюсенов Айсұлтан Кокенова Ясмина	Хабдулла Арсен Қани Медина Нуридоллаева Диляра Жұмабекова Асылай Қабылда Айсұлу	Максутов Айсұлтан

Анықтама

Әдісі: «Ойнайық та, ойлайық» тренинг.

Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту.

Объект: Кіші «Балапан» тобы.

Мерзімі: 17.01.2024.

Жауапты: педагог- психолог Каирбаева А.Қ.

Бақылау кезінде істелінген жұмыстар:

1. Сәлемдесу ойыны.
2. «От, ауа, су, жер» жаттығуы.
3. «Орманға саяхат» тренингі.
4. «Жанарлар» ойыны.

Қатысқаны:

Барлығы 7 бала қатысты.

Қорытынды:

Балалар ойындарға белсенді қатысты.

Педагог- психолог:  - Каирбаева А.К.

Анықтама

Тақырыбы: «Пішіндер әлемінде» түзету- дамыту сабағы.

Мақсаты: Балалардың танымдылық қабілеттерін дамыту, түстерді танып, айыруға үйрету.

Топ: Ересек «Гүлдер» тобы.

Мерзімі: 01.02.24.

Қатысқаны: 7 бала.

Жауапты: педагог- психолог Қайырбаева А.Қ.

Түзету- дамыту сабағының мазмұны:

1. Суреттер бойынша пішіндерді қайталау.
2. Пішіндерге мысал келтіру, топта әр пішінге заттарды табу.
3. «Пішіндерді ортада келтіру» ойыны.
4. «Пішіндерді тауып өз түсімен боя» карточкалық тапсырма.

Қорытындылау:

Балалар сабақта белсенділік таныта білді. Сабаққа Айсұлтан, Асылай белсенді қатысып отырды, пішіндерді таниды. Топтардан әртүрлі пішінді заттарды бірден таба алды. Ортаға шығып барлығымыз шеңбер, шаршы, үшбұрыш пішіндерін көрсету өте ұнады.

Педагог- психолог: 

Каирбаева А.Қ.

Х А Т Т А М А

Әдісі: «Заттардың аттары» жекелей жұмыс

Мақсаты: балалардың танымдық қабілеттерін, зейінін, сөйлеу деңгейін дамыту.

Қатысқан бала саны: 9

Қатыспаған бала саны: 1

Мерзімі: 18.03.2024 жыл

Жұмыстың барысы:

Әр балаға жеке-жеке суреттер көрсетілді. Балалар суреттегі заттардың, жан-жануар, хайуанаттардың атауларын атап беру керек. Әр заттың маңызды бөліктері мен түсін ажырата білу деңгейлерін анықтау.

Р/с	Балалардың аты-жөні	Қабілеттік деңгейі
1	Сагадиева Мерей	жоғары
2	Тойлат Томирис	орташа
3	Игілік Балназым	жоғары
4	Серикова Диана	төмен
5	Саяхатқызы Айсезім	жоғары
6	Куандыкова Медина	орташа
7	Қожа Айсезім	төмен
8	Дәлелханқызы Әбілмансұр	орташа
9	Даниярқызы Айым	орташа

Қорытынды:

Жоғары – 3 -33,3%

Орташа – 4 -44,5%

Төмен – 2-22,2%

Балалар тапсырманы белсене орындады. Балалардың басым көпшілігі суреттерге қарап ойларын жеткізе алды. Топ балаларының даму деңгейі, танымдық қабілеттері жас ерекшеліктеріне сай.

Тәрбиешілерге ұсыныс: Қожа Айсезім мен Серикова Дианамен қосымша жұмыстар жүргізіп, сөйлеу қабілетін дамыту керек.

Тобы: «Ақбота» тобы

Күні: 18.03.2024 жыл

Тақырыбы: «Суреттерді есте сақта» әдістемесі

Мақсаты: бейнені есте сақтау ерекшеліктерін үйрету және оларға диагностика жасау.

Көрнекі-құралдар: 5 зат бейнеленген суреттер

Шаттық шеңбері

Отбасының гүліміз,

Көңілді өтер күніміз.

«Қайырлы таң» деп айтамыз,

Бір болып үйге қайтамыз

Шеңбер бойымен жүріп біртіндеп орындыққа отырады. Амандасамыз!

Тапсырма: балаға бетіне 5 заттың суреті бейнеленген карточка ұсынылады. Ол бұл заттарды 1 минут ішінде қарап көруі тиіс. Осыдан кейін карточканы алып қойып, баладан өзінің есінде қалған суреттерді атап беру талап етіледі. Дұрыс аталған бейнелердің санына қарай нәтижелеріне баға қойылады. Есте сақтау қабілеті анықталады.

Даму деңгейлері:

Жоғары деңгей – бала 5 затты атады;

Орташа-жоғары деңгей – 4 затты атады;

Орташа деңгей – бала 3 затты атады;

Орташа-төменгі деңгей – бала 2 затты атады;

Төменгі деңгей – бала 1 затты атады.

«Қарындашты дөңгелет» тыныс алу жаттығуы

Мақсаты: бір қалыпты дем шығару арқылы үстелдегі қарындашты домалату.

«Кірпі» жаттығуы, ұсақ моторикасын дамыту.

Момақанмын алайда,

Тікенім көп абайла.

Кіріп кетсе қолыңа,

балаға суретті көрсетіп, оған мұқият қарап және осы суреттің әрбір бөлігінде жылдың қай мезгілі бейнеленгенін айтады.

Үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады.

Екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің

Өкпелеме жарайма! тікенектерін жасайды

Баланы мадақтау:

- бала бөлінген уақыт ішінде есінде қалған суреттерді атайды.

– Анықтама толтырылады;

Күтілетін нәтижелер:

Білу керек: Балалар есінде қалған суреттің атын атай білу керек.

Үйрену керек: Суретке қарамай заттың атын атап үйрену керек.

Жасауы керек: Тыныс алу жаттығуларын, саусақ жаттығуларын жасауы керек.

Х А Т Т А М А

Әдісі: «Суреттерді есте сақта» әдістемесі

Мақсаты: бейнені көріп есте сақтау қабілетінің даму деңгейін зерттеу, ерекшеліктерін үйрету және оларға диагностика жасау.

Топ: «Ақбота»

Қатысқан бала саны: 8

Мерзімі: 18.03.2024 жыл

Жауапты педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

Жұмыстың барысы:

Балаға бетіне 5 заттың суреті бейнеленген карточка ұсынылады. Ол бұл заттарды 1 минут ішінде қарап көруі тиіс. Осыдан кейін карточканы алып қойып, баладан өзінің есінде қалған суреттерді атап беру талап етіледі. Дұрыс аталған бейнелердің санына қарай нәтижелеріне баға қойылады. Есте сақтау қабілеті анықталады. Әдістеме балалармен жеке-жеке жүргізілді.

Даму деңгейлері:

Жоғары деңгей – бала 5 затты атады;

Орташа-жоғары деңгей – 4 затты атады;

Орташа деңгей – бала 3 затты атады;

Орташа-төменгі деңгей – бала 2 затты атады;

Төменгі деңгей – бала 1 затты атады.

Р/С	Балалардың аты-жөні	Қабілеттік деңгейі
1	Хабдулла Ясмина	орташа
2	Нұрғазы Ердаулет	орташа жоғары
3	Ербаланов Нұрасыл	орташа
4	Қанатқызы Саида	жоғары
5	Мұратбек Сезім	жоғары
6	Игілік Ибраһим	орташа
7	Мұқаметжан Байгелді	орташа төмен
8	Воронов Алим	орташа жоғары

Қорытынды:

Жоғары деңгей - 2 бала - 25%

Орташа жоғары деңгей – 2 бала -25%

Орташа деңгей – 3 бала – 37,5 %

Орташа төмен деңгей – 1 бала -12,5%

Төмен деңгей – 0 %


Тәрбиешілерге ұсыныс:

Балалардың көріп есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында «Қайтала», «Заттарды есінде сақта» ойындарын ойнату. Көрсеткен суреттерді әңгімелеу арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамыту

8.04.2024
"Бүгінгі таңда"

«Мына суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі

Балаға әртүрлі сериялардан құралған суреттер беріледі. Әр суреттің бір бөлігі жетіспейді. Диагностика жүргізуші баланың тапсырманы орындауға қанша уақыт жұмсағанын білу үшін секундамер қосып қояды. Диагностика көрсеткіші баланың қабылдау деңгейінің қаншалықты дәрежеде екенін білу үшін баллдық шкаламен бағаланады.



Қорытынды нәтижесі

10 балл — бала берілген тапсырманы орындауға 25 сек-қа дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек. Олардың саны жетеу.

9-7 балл — 26 -30 сек. аралығы дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек.

6-7 балл — 31 - 35 сек. аралығы дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек.

4-5 балл — 36 - 40 сек. аралығына дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек.

2-3 балл — 36 - 40 сек. . аралығына дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек.

0-1 балл — 45-50 сек. аралығына дейін орындаған жағдайда қойылады. Суретте жетіспейтін заттың бөліктерін табу керек.

Даму деңгейі жайында қорытынды.

10 балл — өте жоғары.

8-9 балл — жоғары.

4-7 балл — орташа.

2-3 балл — төмен.

0-1 балл — өте төмен.

Х А Т Т А М А

Әдісі: «Суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі.

Мақсаты: балалардың зейінін, танымдық деңгейін, ой шапшаңдығын дамыту.

/Дарындылық қасиетін анықтау/

Топ: «Гүлдер»

Зерттеу мерзімі: 8.04.2024 жыл

Қатысқан балалар саны: 6

Қатыспағаны: 2

Жауапты: педагог-психолог Ж.С.Турсынбаева

Қорытынды:

3 бала - жоғары – 50 %

2 бала - орташа – 33,3 %

1 - төмен – 16,7 %

№	Баланың аты-жөні	Деңгейі
1	Асылай	жоғары
2	Нуридоллаева Диляра	жоғары
3	Қабылда Айсұлу	орташа
4	Дюсенов Айсултан	жоғары
5	Хабдулла Арсен	орташа
6	Максутов Айсултан	төмен

А Н Ы Қ Т А М А

Әдісі: «Саусақ қадамдары» ұсақ моторика жаттығулары, топтық ойын

Мақсаты: Кіші моториканы және саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысын, сөйлеу ырғағын, қабілетін, ынтасын дамыту

Топ: «Балапан» I сәбилер

Мерзімі: 09.04.2024 жыл

Түзету-дамыту жұмысының барысы:

1. «Салат» саусақ ойыны

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алаканына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).

Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).

2. «Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын аяқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!

3. «Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

4. Разминка:

Санайық жаңаша

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Оларды атап шақырар,

Әрқайсысының аты бар.

Бас бармақ,

Балаң үйрек,

Ортан терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

*Балалар ойын жаттығуынан алған әсерлерімен бөліседі.

Педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығулар.

Күні: 9.04.2024 жыл

Тобы: «Ақбота», «Гүлдер»

Мақсаты: қол саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын дамыту.

- А) Алақанды үстелдің үстіне қоямыз. Балалар бірінші оң, содан кейін сол қолдың саусақтарын бір-бірден көтереді. Осы жаттығуды кері жасап, қайталайды.
- Б) Алақандар үстелдің үстінде, балалар кезекпен екі қолдың саусақтарын шынашақтан бастап көтереді.
- В) Балалар сұқ және ортаңғы саусақтарымен қаламды немесе қарындашты ұстайды. Осы саусақтарын бүгіп, қайтадан қалпына келтіреді., бұл жерде қаламды үлкен саусақтан төмен түсіп кетпеуін қадағалау керек.
- Г) Үстелдің үстінде 10-15 қарындаш немесе есептік таяқшалар жатыр. Оларды бір-бірден алып қолға жинау керек. Содан кейін тура солай қайтадан үстелге қою керек. Екінші қолмен көмектесуге болмайды.

«Фигураларды құрастыр» жаттығуы.

Мақсаты: қол қимылдарының икемділігін, дәлдігін, көз мөлшерін дамыту.

Жаттығу барысы: жүргізуші балаларға есептік таяқшаларды таратып береді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек.

Төмендегідей тапсырмалар беріледі:

11. Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;
12. Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;
13. Үй құрастыру;
14. Жалауша құрастыру;
15. Жұлдызша құрастыру;

Х А Т Т А М А

Әдісі: «Фигураларды құрастыр» жаттығуы.

Мақсаты: қол қимылдарының икемділігін, қолдың саусақтарының күрделі үйлесімді қимылдарын, дәлдігін, көз мөлшерін, танымдық деңгейін дамыту.

Топ: ортаңғы «Ақбота», ересек «Гүлдер»

Зерттеу мерзімі: 9.04.2024 жыл

Барлық балалар саны: 16

Жауапты: педагог-психолог Ж.С.Турсынбаева

Жаттығу барысы: балаларға есептік таяқшаларды таратып берілді. Балалар солардан геометриялық фигураларды жасап шығару керек.

Төмендегідей тапсырмалар беріледі:

1. Төрт таяқшадан шаршы құрастыру;
2. Үш таяқшадан үшбұрыш құрастыру;
3. Үй құрастыру;
4. Жалауша құрастыру;
5. Жұлдызша құрастыру;

Қорытынды:

3 бала- өте жоғары -18,7 %

7 бала – жоғары – 43,7 %

5 бала-орташа – 31,3 %

1 бала – төмен -6,3 %

Р/с	Баланың аты-жөні	Қабілеттік деңгей
1	Қабылда Айсұлу	өте жоғары
2	Дюсенов Айсұлтан	өте жоғары
3	Нуридоллаева Диляра	өте жоғары
4	Хабдулла Арсен	жоғары
5	Жумабекова Асылай	жоғары
6	Жумабеков Ерасыл	орташа
7	Хабдулла Ясмина	жоғары
8	Нұрғазы Ердаулет	жоғары
9	Ербаланов Нұрасыл	орташа
10	Қанатқызы Саида	жоғары
11	Нуридоллаев Керим	төмен
12	Мұратбек Сезім	жоғары
13	Дуржанова Жанель	орташа
14	Игілік Ибраһим	орташа
15	Мұқаметжан Байгелді	жоғары
16	Воронов Алим	орташа

Х А Т Т А М А

Әдісі: «Бірдей қолғаптарды біріктір» әдістемесі

Мақсаты: балалардың таным, зейін қабілеттерін анықтау, қол моторикасын, дәлдігін дамыту.

Топ: «Ақбота», «Гүлдер» тобы

Зерттеу мерзімі: 13.05.2024 жыл

Қатысқан балалар саны: 4

Жауапты: педагог-психолог Ж.С.Турсынбаева

Жаттығу барысы: әдістеме барлық балалармен жеке-жеке жүргізіледі. Балаларға жас ерекшеліктеріне сай қолғаптардың суреті бар карточка ұсынылды. Бала әр қолғаптың сыңарын тауып көрсету керек.

Қорытынды:

Жоғары – 2 -50%


Орташа – 2 -50%

Төмен – 0- 0 %

№	Баланың аты-жөні	Деңгейі
1	Хабдулла Арсен	жоғары
2	Максутов Айсултан	жоғары
3	Дуржанова Жанель	орташа
4	Мұқаметжан Байгелді	орташа

Тәрбиешілерге ұсыныс:

Зейін қабілеттерін дамытуға «Суреттердің арасынан затты табу», «Айырмашылықтарын табу», «Өзгерістерді табу» т.б. тапсырмаларды орындату, жаттығулар жүргізу.

A decorative border made of small pencil icons arranged in a rectangular frame around the text.

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ

***Сәбилер тобына арналған
сергіту жаттығулары***

Педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

2023-2024 оқу жылы

СЕРГІТУ СӨТТЕРІ

1. Еркін ұста дененді,
Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үші, бір, екі, үш.

2. Орманда кірпі келеді,
Саңырауқұлақ тереді.
Кездесті, міне, керегі:
Екеуі қайың астынан.
Біреуі терек қасынан.
Қанша олар болмақ есепте,
Тоқылған салса себетке?

3. Тербеледі ағаштар,
Алдымнан жел еседі.
Кіп-кішкентай бөбектер
Үлкен болып өседі.

4. Иіліп оңға бір, иіліп, солға бір.
Жаттығу жасаймын.
Оң аяқ, сол аяқ, оң аяқ, сол аяқ
Жаттығу оңай-ақ.

5. Еркін ұста дененді,

Тарсылдатпай еденді
Орнымыздан тұрып ап
Жүгірейік бір уақ.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.
Аяқты алға созайық
Тік көтеріп, қозғайық.
Тым сылбыр да болмайық
Алға қарай озбайық.
Бір, екі, үш, бір, екі, үш.

6. Өсеміз біз күліп-ойнап,

Он саусақтың саласындай,
Өсеміз біз күліп-ойнап,
Бір адамның баласындай.

7. Бала, бала, балапан
Қане, қайсы, алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.
Бала, бала, балапан
Қане, қайсы, алақан.
Саусақтарың әйбат,
Былай-былай ойнат.

8. Орнымыздан тұрамыз,
Алақанды ұрамыз.
Бір отырып, бір тұрып,
Тез шынығып шығамыз.

9. Сағаттың тіліндей,
Иіліп оңға бір,
Сағаттың тіліндей
Иіліп солға бір.
Оң аяқ, сол аяқ,
Жаттығу оңай-ақ.

10. Қатты нөсер басылды (жаймен
тырсылдатады)
Күн жарқырай ашылды (қолдарымен
күн жасайды)
Көкстен төмен әдемі кемпірқосақ
шашылды (жарты доға жасайды)

11. Тәулік бойы тынбайтын,
Болайықшы ақ жаңбыр (Ақырын
жауған жауын тырсылын жасайды)
Астан-кестен жауатын
Өткінші енді біз жаңбыр (Тез-тез
жауған жаңбыр тырсылын келтіреді)

12. Қырғауыл боп ұшамыз, ұшамыз
(Егі қолымен қанат жасап ұшады)
Түлкі болып қашамыз, қашамыз (Бір
орындарында тұрып жүгіреді)
Қырғауылдай тапқыр боп, тапқыр
боп,

«Дос болайық бәріміз!» ортаңғы және ересек топпен жүргізілетін тренинг

Мақсаты: Достықтың өмірдегі рөлін, оның өмірге қажеттілігін, маңызын, достықтың негізгі мақсатын, дос болудың шарттарын түсіндіру. Балаларды адалдыққа, қамқорлыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Шаттық шеңбері:

Күлімде күн күлімде,
Күлсін барлық бала шат.
Берекелі бүгінде,
Достығымыз жарасқан.

Достық туралы түсінік беру.

Достар бір-бірімен тату болуы керек. Дос ақылшы, сырлас, жақын, адал, қайырымды, мейірімді, адал болуы керек. Осы қасиеттер бойларыңнан табыла білгенде ғана достықтың өмірі ұзақ болады. Достық амал дос, адал дос болып бөлінеді. Амал дос-алдамшы дос, басыңа іс түскенде сатып кетеді. адал дос- әр кезде қасыңнан табылады.

Ойын: «Менің досым».

Өздерінің үйдегі, сырттағы, топтағы достары туралы ой-пікірлерін сұрау.

Ойын: «Не жоқ?».

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, есте сақтау қабілетін байқау.

Ойын: «Көңілді би алаңы»

Мақсаты: балалардың көңіл күйін көтеру, шапшаңдыққа, белсенділікке тәрбиелеу, ұйымшылдықтарын арттыру.

Ойын: «Тыныштықты тыңдау». Көздерін жұмып, тыныштықты тыңдау керек. Көздерін ашып, не естігендерін айту.

Ән: «Дос болайық бәріміз».

Ойын: «Мен ұнатамын». Өздерінің жақсы көретін мамандықтары туралы, нені жақсы көретінін әңгімелеу.

Бір-біріне тілектер айту.

-Балалар бүгінгі тренинг сіздерге ұнады ма?

- Иә.

- Бір-бірімізбен дос боламыз ба?

- Иә.

Ендеше, балалар бір-бірімізбен дос болайық. Әр уақытта дендерің сау болып, тәртіпті, тәрбиелі балалар болып өсейік.

Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ

«Орман ертегісі»

«Гүлдер» ересек тобына ертегі терапиясы

Педагог-психолог: Ж.С.Тұрсынбаева

2023-2024 оқу жылы

«Орман ертегісі» (ертегі терапиясы)

Тобы: «Гүлдер» ересек тобы

Сабақтың тақырыбы: «Аңқау аю» ертегісі

Мақсаты: Балалардың жабайы аңдар туралы түсінігін тереңдету. Олардың түрлерін бір-бірінен ажыратуға, дұрыс айта білуге үйрету. «Аңқау аю» ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Балалардың жұмбақтар шешу арқылы ойлау, қиялдау қабілеттерін дамыту. Аңдарды қорғап, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Жабайы аңдар суреттері, ойыншықтар, маскалар, буклеттер.

Шаттық шеңбер:

Шеңбер болып тұрайық

Алақанды ашайық

Таза ауа жұтайық.

Жүрекке жылу салайық

Жинаған жылы шуақты

Балаларға шашайық.

Сәттілік тілеймін.*

-Бүгін келе жатып, сандық тауып алдым. Оның ішіне ормандағы аңдарды сиқырлап салып қойыпты. Оларды сандықтан шығару үшін жұмбақтарды шешу керек.

• Жұмбақтар

Сыбдыр шықса қашады

Қырдан бір-ақ асады. (Қоян)

• Өзі қу, әрі айлакер,

Жүрген жері айқай да шу. (Түлкі)

* Аузы бейне шалғы, орақ,

Шөп емес, бірақ малды орады (Қасқыр)

• Қыс бойында жатады,

Тәтті ұйқыға батады. (Аю)

-Бұлардың барлығын бір сөзбен қалай атпаймыз?

-Жабайы аңдар

-Олар қайда тұрады? Орманда.

Сендерге құтқарғандарың үшін рахмет айтуда.

• «Аңқау аю» ертегісін түсіндіру.

Ерте, ерте, ертеде қоңыр аю болыпты. Ол биылғы көктемде ерте ояныпты. Оның себебі аюдың қарны ашты. Аю орман ішін көп кезді. Ол әрі жүрді, бері жүрді, аузына түйір түспеді. Бекер жүрісті қояйын. Тамақ тауып жемесем, жағдайым болмайды екен» деген оймен аю қорбаң-қорбаң басып, ұзай береді. Жалғыз өзі қамығып, қарны ашып келе жатқанда ескі қырманның орнынан дән жинап жүрген тышқанға кездеседі. Аю аш екендігін айтты.

Тышқан: -О, Аю ата,хош келіпсіз,төрлетіңіз!

-Екеуі жөн сұрасты.

-Тышқан: Қарын тойдыратын бір амал бар.

Аю: Ол қандай амал, айтсаңшы!-дейді.

Тышқан: Мына қырмандағы шашылып жатқан сабанды жинасақ,бидайдың астында қаламыз, Аю ата.

Қоян: Аю аға,жол болсын!

Қоян:Сіз менімен бірге сәбіз жинасыңыз,ағажан.

Аю: шаршады.

Аю мен мысық өзенге келді.

Мысық: Аюға ұсталған балықты салатын тас бөгет жасайық,Аю аға.

Түлкі: - Сәлематсыз ба,үлкен аға!

Екеуі жөн сұрасты.

Түлкі: Ағатай, тауық қораға салайық

Аю: Олай болса,кеттік.

Түлкі: (сыбырлап) Аю аға,тауық қораның екі-үш тақтайын суырып алыңыз.

Түлкі: Ойбай,аға,тезірек кетейік,күзетші көріп қалды. (Аю қаша жөнелді)

Аңқаулығынан әркімнің соңынан бір ерген Аю ақыры аш қалды.

*Сахналау(Ертегіні балалар сахналады).

Аю, Тышқан, мысық, қоян, түлкі.

• Құрастыру жұмысы

1 топ Құлпынай 2 топ Бал

-Қағаздың түстерін ажырату.

- Қию арқылы жапсыру.

* Ненің суретін жапсырдыңдар?

-Онымен қай аң қоректенеді?

-Аю (тәттіні жақсы көреді)

* Сергіту сәті

Ормандағы аюдың

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық.

• Ойын: «Қай аң қандай вагонға мінеді?»


• Вагонға мінген қандай аңдар?

-Жабайы аңдар.

* -Қандай ертегімен таныстық?

Кейіпкерлерін атайық?

Сонымен біз аю сияқты аңқау болмайық. Өте ақылды, саналы, тәрбиелі, шыншыл, адамгершілігі мол ұрпақ болып өсулеріңе тілектеспін, сенемін! Мадақтау.



Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ

АРТ ТЕРАПИЯ

«Ақбота» ортаңғы топпен жұмыс

Педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

2023-2024 оқу жылы

Арт-терапия

Арт-терапияның басты мақсат міндеттері:

- Балаларға АРТ - терапия туралы түсінік беру;
- Топта жағымды эмоционалды көңіл күй құру, ең бастысы жұмыс барысында талантын көрсету емес, кенеттен ішкі себептерден пайда болған өзінің қобалжуларын, сурет арқылы жеткізу.
- Арт-терапия босаңсуға (релаксация) көмектеседі;

Арт-терапияны қолдану арқылы қол жеткізуге болады:

- Зердесін дамыту;
- Эмоциясы мен сезімдерін дамыту;
- Танымдық үрдісін дамыту;
- Өзінің ішкі әлемін түсіну қабілетін дамыту;
- Өзін-өзі көрсете алуына, өзін-өзі жетілдіруге ынтасын дамыту
- Ойлауды дамыту.
- әсемділікті сезінуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: А4 қағаз, түрлі түсті бояу, су бояу.

Уақыты: 30 минут

Жоспар:

1. Сәлемдесу (танысу) жаттығуы
2. Сурет салу терапиясы
3. Сиқырлы алақан жаттығуы
4. Разминка
5. Рефлексия

Тренингтің барысы:

1. Сәлемдесу жаттығуы « Кездесу»

бүлдіршіндер бір-бірімен амандаса тұрып, адамға жағымды сөздер айту әдетін жаттықтыру. Мысалы: Сәлем Жанар, сен бүгін өте әдемісің, немесе сәлем Исмаил, осы аптадағы істерің онды болсын.

2. «Көктем» сурет салу терапиясы

Балаларға жас ерекшеліктеріне сай көктемді бейнелейтін суреттер бояуға беріледі. Балалар әр затты түсіне сай бояулары қажет.

3. «Сиқырлы алақан» жаттығуы

Мақсаты: жаттығу шығармашылықты дамытады, өз қиялын оятады.

Материалдар: парак, сулы бояу, қарындаш.

Өтілу барысы: Әрбір қатысушыда парак, түрлі-түсті қарындаштар, қарындаш болуы керек. Бәрі шеңбер құра отырады. балаларға өз алақанына өзіне ұнаған бояуды жағып алып, сонаң соң ақ қағазға түсіреді. Жұмысты талдау.


4. Разминка

Жақсы бір әуенге, би қимыл қозғалыстарын жасау.

5. Рефлексия

Бүлдіршіндерге бүгінгі сабақ туралы ойларын білу, сұрақтар қою.

- Бүгінгі сабақ ұнады ма, қандай әсер алдың?



Маусымов Әңгемесі
"Түңгелі" мектебі

А Н Ы Қ Т А М А

Әдісі: Топтық тренинг

Мақсаты: Балалардың өзара қарым-қатынастарын, көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымшылдыққа баулу. Танымдық қабілеттерін дамыту.

Топ: «Балапан», «Ақбота» тобы

Мерзімі: 14.05.2024 жыл

Түзету-дамыту жұмысының барысы:

«Орнынды тап» ойыны

Балалар орнында тұрады. Психолог ортаға шығып сылдырмақ ұрғанда балалар шашырап жүгіреді. Ал сылдырмақ тоқтағанда орнын тауып тұру керек. Шатасқан бала ойыннан шығады.

«Кімнің дауысы?» ойыны

Психолог жануардың дауысын салып, балалар оны айыра біліп жануарды атап, жүрісін салады.

****Балалардан ойыннан алған әсерлерін сұрау.**

**«Павлодар облысының білім беру басқармасы,
Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің
«Туберкулез ауруына шалдығуы ықтимал
мектеп жасына дейінгі балаларға арналған
«Шағала» балабақшасы» КММ**

**Психологиялық қызметтің
II жартыжылдығында жүргізген жұмыстарының
аналитикалық, статистикалық есебі**

Педагог-психолог: Ж.С.Турсынбаева

2023-2024 оқу жылы

Мақсаты: Психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру. Әрбір баланың психологиялық денсаулығы мен тұлғасының дамуын қолдау үшін жағдай жасауға көмектесу.

Диагностикалық және түзету-дамыту бағытында жүргізілген жұмыстар:

«Балапан» кіші топ, «Ақбота» ортаңғы топ, «Гүлдер» ересек топтарының бақылау нәтижесінде балалардың зейініне, ойлау, есте сақтау қабілеттеріне, сөйлеу мәнеріне, жүріс-тұрыстарына, белсенділік қабілеттеріне көңіл бөлінді. Топтармен, инклюзив тізіміндегі ерекше баламен жұмыстар жүргізілді.

Қаңтар айында «Көңілді шеңбер» барлық топта топтық тренинг, ересек топ балаларының өзін –өзі бағалауын анықтау мақсатында В.Г.Щур әдістемесі, балалардың танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында «Оң және сол жарты шарды дамыту» ересек топ, «Зейінді болайық» ортаңғы топ, «Ойнайық та, ойлайық» кіші «Балапан» тобы таным процесін дамыту, «Салыстыру» ересек тобымен түзету-дамыту сабақтары жүргізілді.

Ақпан айында «Гүлдер» ересек тобымен танымдық қабілетін дамыту мақсатында «Пішіндер әлемінде» түзету-дамыту сабағы, «Қарама-қарсы сөздер», «Ойлан, тап, ойна» әдістемесі, «Артық затты тап», «Бұл суретте не артық?» ойлау әдістемесі, «Белгілерді қой» зейін әдістемесі жүргізілді.

Наурыз айында «Балапан» тобы балаларының ойлау қабілеттерін логикалық ойындар арқылы дамыту мақсатында «Заттардың аттары» әдісі, ортаңғы топ балаларының таным деңгейін анықтау мақсатында «Кімге не жетіспейді», «Суреттерді есте сақта» әдістемесі алынды. Ересек «Гүлдер» тобымен «Ертегі терапиясы», «Нүктелерді басып жаз» әдісі өтілді. Ересек топпен «Не артық» әдістемесі, кіші «Балапан» тобымен «Көңіл күй» серіту жаттығуы жүргізілді.

Сәуір айында «Түстерді ажырата білесің бе?» кіші топпен, «Пішіндерді бастыр» ортаңғы топ балаларының таным қабілетін анықтау, «Сикырлы айна» әдісі ересек топ балаларының танымдық дамуын қалыптастыру, «Ақбота» тобының таным деңгейін анықтау «Көлеңкесін тап» әдісі, ересек «Гүлдер» тобынан «Суретте не жетіспей тұр?» әдістемесі алынды. «Балапан», «Ақбота», «Гүлдер» тобымен ұсақ моториканы дамыту мақсатында түрлі жаттығулар жүргізілді, «Суретті әңгімеле» әдістемесі ортаңғы, ересек топ, «Түстер бойынша суреттерді тауып боя» ортаңғы топ, «Музыка терапиясы» ересек топ балаларының қобалжуын сейілту. «Бірдей өрнектерді тап» ересек топ балаларының зейінін дамыту. «Орман ертегісі» ересек топ балаларымен ертегі терапиясы, «Ақбота» ортаңғы топ балаларымен «Арттерапия» әдісі.

Мамыр айында «Дос болайық бәріміз» ортаңғы, ересек топ балаларымен топтық тренинг. Инклюзив баламен жекелей жұмыс «Үлкен, орташа, кішкентай» дидактикалық ойыны, «Кім не жейжі?», «Көленкесін тап» кіші топ балаларының таным процесін қайталап тексеру, «Бірдей қолғаптарды тап» әдістемесі «Ақбота», «Гүлдер» тобы. Ортаңғы, ересек топ балаларымен топтық тренинг «Орнынды тап»

Жеке дара жұмыстар

Салтанатов Жантілек, Баянбек Ахмад, Максutow Айсултан, Серикова Дианамен танымдық қабілетін дамыту, зейінін, ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында жоспар бойынша жекелей түзету, дамыту жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың 9-қарашасында ПМПК шешімен инклюзив тізіміне алынған Нуридоллаев Кериммен жоспар бойынша жеке түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Керимнің бойынан алға қарай даму байқалады

«Пішіндерді құрастыр», «Нейро жаттығулары», «Алаканы мен саусақтарына уқалау-сипалау», «Ұсақ қолдар моторикасын дамыту», «Аяқпен топ-топ», «Қимыл-қозғалысты есіңе сақта, қайтала», «Бұрандалы крышкаларды түстеріне қарай бұрап салу», «Үстел үстіндегі жаттығулар», «Тыныс алу жаттығуы», «Сөйлеу қабілетін дамыту» сұрақ-жауап, «Дене мүшелерін атау, көрсету», «Доп домала» ойыны, «Артығын тап», «Саусақ жаттығулары», «Жемістерді әдемі бояйық», «Қоян және сәбіз», «Жануарларды төлдерімен сәйкестендір», «Үзбей бастыр», «Көленкесін тап» және т.б тапсырмалар, ойындар, жаттығулар орындалды. Бұл тапсырмалар, жаттығулар балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін, зейінін, сөйлеу мәнерін, қиял және қимыл-қозғалыс, қарым-қатынас дағдыларын дамыту мақсатында жүргізілді.

Ата-аналармен жүргізілген жұмыстар.

Қаңтар айында «Қиын отбасындағы бала психологиясы» тақырыбында ата-аналарға баяндама, топтық тренинг өткізілді.

Наурыз айында ортаңғы топ ата-аналарынан сауалнама алынды, ересек топ ата-аналарына «Жазалау дұрыс па, бұрыс па?» тақырыбында ақпарат берілді. Сұраныс бойынша ата-аналарға кеңес берілді.

Сәуір айында кіші, ортаңғы, ересек топ ата-аналарынан сауалнама алынды. «Мінезі қырсық балаға қалай әрекет етуге болады?» ата-аналарға жекелей кеңес берілді. Сұраныс бойынша ата-аналарға кеңес берілді. Анализдер бойынша тәрбиешілерге кеңес берілді.

Мамыр айында «Балалардың танымдық деңгейлерін дамыту» тақырыбында ата-аналарға сұраныс бойынша кеңес беру. «Мектепке қуанышпен» ересек топ ата-аналарына топтық кеңес беру.

«Консультациялық пункт» жоспары бойынша ата-аналарға сұраныс бойынша кеңес беріліп, сауалнама алынды.

Педагогтармен жүргізілген жұмыстар.

Наурыз айында өзін-өзі тани білу, балалармен қарым-қатынас дағдысындағы ерекшелігін зерттеу мақсатында «Сіз қандай тәрбиешісіз?» сауалнамасы алынды,

Сәуір айында жас мамандарға сауалнама жүргізілді. «Ұжымдағы психологиялық климат» педагогтардан сауалнама алынды.

«Тәрбиешілерге 9 кеңес», «Бейімделу кезінде балаға қалай көмектесу керек», «Ойын арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында сұраныс бойынша кеңес берілді.

Сонымен қатар, тәрбиешілермен тренинг ойындар жүргізілді:

1. Тақырыбы: «Жақсы көңіл күй – жан қуанышы».

Мақсаты: педагогтардың психикалық көңіл күйлерін көтеру, бақытты жан екенін ұғындыру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қатынас орнату.

2. «Жас келсе, іске!» жас мамандармен тренинг.

3. «Біз біргеміз, берік іргеміз» тақырыбында тренинг-тимбилдинг

Мақсаты: педагогтар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл күйден арылу, күш-қуат жинау, позитивті көңіл күй сыйлау, өзін құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

II жартыжылдықта өткізілген педагогикалық кеңесте «Сымсыз телефон» тақырыбында ұжым қызметкерлерімен тренинг жүргізілді.

Мақсаты: педагогтардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту. Әріптестердің көңіл күйін көтеру, ұйымшылдығын арттыру.

Қорытынды пед.кеңесте «Сықырлы психология әлемі» топтық тренинг.

Мақсаты: Психологиялық ахуал тудыру, өзіне сенімді мінез-құлықты дамыту, өзін бағалай білуге және өзін аудитория алдында сенімді ұстай білуге үйрету.